

"Астана" халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 160 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 қазандағы № 567 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

"Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 10-бабының 4-тармағына сәйкес
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Астана" халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 160 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 80-81-82, 590-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Астана" халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңес туралы ережеде:

5-тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев